

Модульді мал сою бекеттеріндегі ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізетін зертханаларға арналған ветеринариялық нормативтерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009 жылғы 8 қаңтардағы N 6 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 30 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5521 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 8-бабының 20) тармақшасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 № 767 (ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған модульді мал сою бекеттеріндегі ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізетін зертханаларға арналған ветеринариялық нормативтер бекітілсін.

2. Ветеринария саласындағы уәкілетті орган оның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп заңнамада бекітілген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2014.11.06 № 7-1/573 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң м і н д е т і н
А. Евниев
атқарушы

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2008 жылғы 08 қаңтардағы N 06

бұйрығымен бекітілген

Модульді мал сою бекеттеріндегі ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізетін зертханалардың ветеринариялық нормативтері

Р е т с а н ы	Ө н д і р і с б ө л м е л е р і м е н т е х н о л о г и я л ы қ к ұ р а л ж а б д ы қ т а р к ұ р а м ы н ы н а т а л у ы	С а н ы
1	Етке ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу үшін арналған бөлме немесе бөлімдер (9 м ² кем емес)	1

2	Жануарларды сою алдындағы және сойғаннан кейінгі тексеру үшін арналған аспаптар жиынтығы (комплект) (термометр, фонендоскоп, перкуссиялық балға, пышақтар, муссаттарлар)	1
3	Дистиллятор	1
4	Тоң азытқыш	1
5	Компрессорий	2
6	Биологиялық микроскоп (микроскопқа арналған жарық құралы)	1
7	Бактериологиялық шам	1
8	Лабораториялық таразылар	1
9	Үлкейткіш шыны	1
10	Құралдарды залалсыздандырушы (стерилизатор)	1
11	Ет тартқыш, гомогенизатор	1
12	Электр пеші	1
13	Бөлше термометрі	1
14	Радиологиялық өлшем құралдары: (Дозиметры ДРГ-01Т1 немесе ДРГ-06Т, СРП-68-01, СРП-88 немесе радиометр-спектрометр әмбебап РСУ-1 "Сигнал-Гамма" немесе спектрометр "Прогресс-Спектр") немесе қазіргі заманға үйлесімді құралдар	1
15	Лабораториялық шыны ыдыстар (Петри чашкасы, пипеткалар, колбалар, стакандар, пробиркалар, өлшеуіш цилиндрлар, эксикаторлар, заттық және жапқыш шынылар, микробюреткалар, тамызғылар, спиртовкалар), реактивтер	зерттеу әдістемесіне сәйкес
16	Биологиялық қалдықтарды жағуға арналған пеш	1
17	Бір маманға арналған киім: 1) халат, қалпақ немесе бас жаулық; 2) клеенка алжапқыш, жеңғаппен	2 1

Ескертпе: бұл норматив тәулігіне шартты он бас мал басын өндіру қабілеттілігі бар модульді мал сою бекеттеріне арналған.